

ӨЛІ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КВАЛИМЕТРИЯ
ПӨНІНЕ АРНАЛҒАН
ТЕСТТЕР ЖИНАҒЫ

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 60/075
КБЖ 28.707я73
К 41

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
физика-техникалық факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
ішкі шешіммен ұсынылған
(№5 хаттама 11 шілде 2017 жыл)*

Пікір жазған
педагогика ғылымдарының докторы, профессор **М.С. Молдобекова**

Құрастырған
М.К. Асембаева

К 41 **Квалиметрия пәніне арналған тесттер жинағы: құраст.**
М.К. Асембаева. – Алматы: **Қазақ университеті, 2017.**
– 188 б.

ISBN 978-601-04-2815-7

Тесттер жинағы стандарттау, метрология және сертификаттау мамандығы бойынша білім алушы студенттерді оқу жетістігін сырттай бағалау үшін (ОЖСБ) дайындауға арналған. Жинақта көп деңгейлі жауаптардан (бес жауаптың бір жауабы дұрыс, алты немесе жеті жауаптың екі жауабы дұрыс, сегіз жауаптың үш жауабы дұрыс) тұратын тест сұрақтары, сонымен қатар квалиметрия пәні бойынша басқа да тест нұсқалары келтірілген. Бұл кітапта стандарттау, метрология және сертификаттау мамандығы үшін ЖБ ОЖСБ бойынша тест тапсырмаларына арналған қысқаша теориялар мен тест тапсырмаларының үлгілері келтірілген. Жинақ сонымен бірге сыртқы бағалауға арналған кеңесші тестілеуге қатысатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің стандарттау, метрология және сертификаттау мамандығы студенттеріне арналған.

Бұл тесттер жинағы жоғары білімнің оқу жетістіктерін сырттай бағалауға арналған кеңесші тестілеуге қатысатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің стандарттау, метрология және сертификаттау мамандығы студенттеріне арналған.

ӘОЖ 60/075
КБЖ 28.707я73

ISBN 978-601-04-2815-7

© Құраст. Асембаева М.К., 2017
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

КІРІСПЕ

Сапа өтім нарығы үшін күресуде маңызды құрал болып табылады. Нақты сапа тауардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Ол өнімнің техникалық деңгейінен және функционалды, әлеуметтік, эстетикалық, эргономикалық, экологиялық қасиеттері арқылы тұтынушыға пайдалы тауардан жинақталады. Сол арқылы бәсекеге қабілеттілік тұтынушының талабын қанағаттандыра алатын тауардың құндылық ерекшеліктері және сапа жиынтығымен, сонымен қатар алатын және тұтынатын тиісті тауарға жұмсалатын шығындармен анықталады.

Аналогтық белгіленетін өнімнің арасынан жоғары тұтынушының жалпы шығынына байланысты тиімді болатыны бәсекеге қабілетті болады. Сапаны арттыру шығынмен байланысты. Алайда олар алынған түсімнің арқасында орындарын толтырады. Жаңа тауарларды игеріп, өндірмейінше, нарықта озық жағдайдың болуы мүмкін емес.

Сапаны жақсартудың мәні әртүрлі. Микродеңгейде бұл мәселені шешу экономика үшін де толықтай маңызды, себебі оның салалары мен ішкі салалары арасында жаңа және прогресивті қатынастарды құруға мүмкіндік береді. Бұл қатынастарды қамтамасыз ету машина жасау өнімінің өндіріс технологиясы және оның тиімділігін жоғарылатуды арттыру жолымен қамтамасыз етілуі мүмкін. Машина жасау өнімінің сапасын жоғарылату басқа салалардағы өндірістік процестерді автоматтандыру үшін қажет.

Егер сапаға аса көңіл бөлмесе, кемшіліктерді түзеу амалдары айтарлықтай болады. Жоғары әсерге кемшіліктердің алдын алу бойынша ұзақ мерзімді бағдарламаларды құру жолымен кол жеткізеді.

Осы уақытқа дейін сапа мәселесімен арнайы бөлімшелер айналысуы керек деп есептелді. Нарықтық экономикаға көшу жолдары сапаға жеткен әлемдегі жетекші фирмалардың тәжірибелерін оқу қажеттілігін туғызды. Елдегі жетекші фирмалар нарықтық экономиканың дамуына байланысты сапаның жетістігіне барлық қызметтер бағытталуы керек деп есептелді. Сапаны жоғарылату барысында басты рөлді тұтынушының талабы,